



«БЕКІТЕМІН»
«ОҚМА» АҚ ректоры
М.Рысбеков
2024 ж.

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ
"КОМПЛАЕНС ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ" ТЕЛЕФОНЫНА АЗАМАТТАРДАН
ТҮСКЕН ХАБАРЛАМАЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
НҮСҚАУЛЫҚ**

Н 278-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		Н 278-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонына азаматтардан түскен хабарламаларын қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық		2-ші басылым 7 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ компаенс офицері әзірлеп, қолданысқа енгізді.

«04» 03 2024 ж.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен келісілді


Хаттама № 4 «11» 03 2024 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Н 278-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонына азаматтардан түскен хабарламаларын қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық	2-ші басылым 7 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
3	ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ	5

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Н 278-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонына азаматтардан түскен хабарламаларын қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық	2-ші басылым 7 беттің 4 беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


1 Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонына азаматтардан түскен хабарламаларын қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық (ары қарай Нұсқаулық) «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонының жұмыс істеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оған келіп түскен хабарламаларды, жасырын (анонимды) хабарламаларды қабылдау, тіркеу және есепке алу тәртібін белгілейді.

2 "Комплаенс жедел желісі" телефонына түскен азаматтардың хабарламаларымен жұмысы, Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатына, жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеуі және қабылдауы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Нұсқаулық келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жылғы (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Заңы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18 қараша 2015 жылғы № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Қылмыстық Кодексі» 3 шілде 2014 жылғы № 226-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі» 5 шілде 2014 жылғы № 235-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- «СТ РК 3049-2017. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесі. Талаптар және қолдану бойынша нұсқаулар» ұлттық стандарты (ISO 37001:2016. Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандарты);

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Н 278-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонына азаматтардан түскен хабарламаларын қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық	2-ші басылым 7 беттің 5 беті	

3. ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. "Комплаенс жедел желісі" арқылы телефон қоңырауларын автоматты түрде тіркейтін және азаматтардың хабарламаларының, жасырын хабарламаларының мұрағатын жүргізетін "Комплаенс жедел желісі" аппаратурасының жиынтығы, Шымкент қаласы, Аль Фараби алаңы №3 үй, «ОҚМА» АҚ-ның 2 корпус 1 қабатында, «Фронт офис» комплаенс офицердің кабинетінде орнатылған.

2. «Комплаенс жедел желісі» телефоны: (87252) 39-42-83. Электрондық пошта: anticorruption@skma.kz.

3. "Комплаенс жедел желісі" телефоны бойынша азаматтардың хабарламаларын жұмыс күндері қабылдайды, яғни дүйсенбіден жұмаға дейін (мереке күндерінен басқа) сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін.

4. "Комплаенс жедел желісі" телефонының жұмыс істеуі және жұмыс тәртібі туралы ақпарат «ОҚМА» АҚ www.ukma.kz ресми сайтында және ақпараттық стендтерде орналастыру арқылы жарияланады.

5. «ОҚМА» АҚ комплаенс офицері "Комплаенс жедел желісі" бойынша уәкілетті тұлға болып саналады.

6. "Комплаенс жедел желісі" телефоны бойынша түскен азаматтардың хабарламаларын, сонымен қатар жасырын хабарламаларын есепке алу үшін есепке алу журналы пайдаланылады, онда хабарламаның уақыты, азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, тұратын мекен-жайы, оның мәселесінің қысқаша мазмұны және қарау нәтижесі көрсетіледі.

7. Комплаенс офицер "Комплаенс жедел желісі" телефон қоңырауларына жауап берген кезде:

- азаматқа комплаенс қызметінің сапасын бақылау мақсатында барлық әңгімелер жазылатынын хабарлайды.


- азаматқа "Комплаенс жедел желісі" тек қана «ОҚМА» АҚ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін жұмыс істейтінін түсіндіреді.

- қоңырау шалған азаматқа өзінің тегін, атын, әкесінің атын, мекен-жайын, кері байланыс үшін телефон нөмірін беруін ұсынады.

- азаматқа мәселенің мәнін баяндауды ұсынады.

- азаматқа берілген ақпараттың құпиялылығына кепілдік берілетінін хабарлайды.

8. Хабарлама, қызметтік жазба түрінде, хабарлама тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей «ОҚМА» АҚ ректорына жіберіледі.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер	Н 278-2024	
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонына азаматтардан түскен хабарламаларын қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық	2-ші басылым 7 беттің 6 беті	

9. Қолда бар ақпараттың негізінде «ОҚМА» АҚ ректоры хабарлама тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасына мән-жайларды объективті анықтау мақсатында сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізуді тапсыруы мүмкін.


10. Сыбайлас жемқорлық көріністерімен байланысты мәселелерге қатысы жоқ телефон арқылы келіп түсетін хабарламалар, журналда тіркеледі, бірақ қаралмайды.

11. "Комплаенс жедел желісі" телефон арқылы алынған ақпаратпен «ОҚМА» АҚ жұмыс істейтін қызметкерлер алынған мәліметтердің құпиялылығын сақтау үшін жауапты болады.


12. Әр жылдың нәтижелері бойынша «ОҚМА» АҚ "Комплаенс жедел желісі" бойынша жауапты тұлға, азаматтардың телефон қоңырауларына талдау жасайды, «ОҚМА» АҚ басшылығына азаматтардың телефон қоңырауларының саны, сипаты мен себебі, оларды қарау үшін қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

13. Есепке алу журналдары мен азаматтардың телефон хабарламаларымен байланысты материалдар қызметте 3 жыл сақталады, содан кейін белгіленген тәртіппен жойылады.


14. Азаматтардың "Комплаенс жедел желісі" телефоны арқылы өтініш жасауына байланысты белгілі болған азаматтардың дербес деректері мен жеке өмірі туралы ақпаратты олардың келісімінсіз пайдалануға және таратуға жол берілмейді.

ONTUSTIK-QAZAOSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Комплаенс офицер		Н 278-2024
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі "Комплаенс жедел желісі" телефонына азаматтардан түскен хабарламаларын қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық		2-ші басылым 7 беттің 7 беті




Өзірлеген:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.	04.03.2024	

Тексерген:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.Ә.	04.03.2024	

Келісілді:

Лауазымы	Аты жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есіркепов М.М.	05.03.2024	
Қаржы және шаруашылық жұмыстар бойынша проректор	Сейтжанова Ж.С.	06.03.2024	
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	06.03.2024	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	06.03.2024	
Кадрлық қызметі бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	07.03.2024	